

Ю.Н.Қамалов, М.Ю.Қамалов

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент (E-mail: akerke.kz.ru@mail.ru)*

## Құзыреттілікке бағытталған мұғалімнің педагогикалық қызметінің құрылымдық-мазмұндық элементтері

Мақалада кәсіптік оқытудың болашақ мұғалімдерінің педагогикалық қызметінің құрылымдық-мазмұндық сұрақтары қарастырылған. Қызметтің түрлері кәсіптік оқытудың болашақ мұғалімдерінің жалпы құзыреттіліктің құрылымдық элементтерінің бірі болып белгіленген. Авторлар технология мұғалімінің педагогикалық қызметінің негізгі бағыттарын сипаттаған, сол сияқты ақпараттық, жұмылдыру-бағдарлау, дамытушылық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструктивтік, зерттеушілік, техникалық.

*Кілт сөздер:* болашақ мұғалім, педагогикалық қызмет, кәсіптік оқыту, құзыреттілік, технология, ақпараттық қызмет, әлеует, оқыту теориясы, оқушылар.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың барлық салаларында болып жатқан түбегейлі өзгерістер, соның ішінде интеллектуалдық әлеуетіміздің қарқынды дамып келе жатқаны білім беру саласының өзегі болып есептелетін мектебімізге құзырлы, жалпы адами және ұлттық мәдениет жаршысы педагогикалық қызметтің гуманитарлық құндылықтарын бойына сіңірген жаңа тұрпаттағы мұғалімнің келуін қажет ететін объективті сұраныс болып есептелінеді.

Осыған орай бүгінгі күні, ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының алдына үлкен міндеттер қойып отырғаны да белгілі. Ол өз қызметінің нәтижесін бағдарлап, бағалай алатын, оқу үдерісін жобалап жүзеге асыра білетін, педагогикалық жағдаяттарды талдауға қабілетті, өзінің жеке ой-пікірі бар, құзырлы педагог кадрларды дайындау деп танылады.

Бәрімізге белгілі Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соңғы 20 жыл көлемінде білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан қарқынды, үздіксіз реформалау өзінің жемісті нәтижелерін беруде.

Үздіксіз білім берудің көпсатылы жүйесі негізіндегі ұлттық білім берудің моделі түзілді. Өзінің мазмұндық құрылымында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін басшылыққа алатын, кредиттік оқыту жүйесіне негізделген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары дайындалып, білім беру жүйелеріне ендірілді.

Дегенмен, оқу жоспарлары мен бағдарламалардың түрлі сапалы құрылымдық өзгерістері мен оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерінің нормативтік ережелерінің түбегейлі өзгерісіне қарамастан, әліде болса жоғары оқу орындарындағы педагог-маман кадрларын дайындау үдерісінде бірқатар кемшіліктер орын алуда, яғни, педагогикалық қызметтің шығармашылық табиғаты мен оны дайындаудағы бірыңғай репродуктивтік бағыт арасындағы қарма-қайшылықтар сақталуда.

Сондықтан да бүгінгі таңда болашақ мұғалімді кәсіби-педагогикалық дайындау үдерісі бір-бірімен тығыз байланыстағы құрылымдық-функционалдық қатынасқа негізделген тұтас жүйе негізінде жүзеге асыруды қажет етеді.

Осы орайда бүгінгі заманымыздың алдымыздағы қойып отырған нақты талаптарына жауап бере алатын жаңа тұрпаттағы болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық дайындау үдерісінің моделі төмендегідей бес бағытта түзілгені белгілі.

Оның бірінші талабы — **тұлғаның кәсіби бағыттылығы**, жаңа тұрпатты мұғалімге қойылатын бұл талап негізгі үш құраушы компоненттермен сипатталады. Олар болашақ педагогтың тұлғалық, мазмұндық және процессуалдық дайындық деңгейлерін анықтайды. Дайындық деңгейіне қойылатын екінші талап — **тұлғаның адамгершілік идеялық ұстанымымен** байланысты, яғни мұғалімнің гуманистік және танымдық көзқарастарын заманауи талаптарға сәйкес қалыптастыру. Жаңа тұрпаттағы мұғалімнің кәсіби педагогикалық деңгейіне қойылатын үшінші талап — **тұлғаның кәсіби қызмет жағдайына бейімделуімен** сипатталады, ол оқытушының психологиялық, технологиялық және кәсіби-әдістемелік дайындық бағыттарын көздейді. Төртінші талап — **мұғалім тұлғасының инновациялық және шығармашылық іс-әрекетін** дамытуды көздейді. Ол мұғалімнің интегралдық үрдісіндегі бағдарлық, интеллектуалдық қызмет және өз мүмкіндігін бағалау бағыттары бойынша дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Сонымен қатар мұғалімнің кәсіби педагогикалық деңгейіне

қойылатын бесінші талап — **жеке тұлғалық құзырлылық**, яғни оның мәдениеттік, әдіснамалық және өз пәніне бағдарлылық қабілеттіліктерін дамытумен байланысты.

Әрине, берілген модельдегі жаңа тұрпаттағы педагог-кадрларды дайындау үдерісі бірімен бірі тығыз байланыстағы жүйе негізінде жүзеге асырылатын күрделі үдеріс. Дегенмен, көрсетілген жүйенің өзегі ретінде кезек күттірмей шешімін табуға тиісті мәселелердің бірі — тұлғаның кәсіби бағыттылығын жетілдіру мәселесі екендігі де белгілі. Кәсіби бағыттылық, біз жоғарыда көрсеткеніміздей, үш құраушы компонентер негізінде жүзеге асырылады, олар: тұлғалық, мазмұндық және процессуалдық құраушылар.

Тұлғалық бағыттың алдымызға қойып отырған негізгі міндеттерінің бірі бізді қоршаған инновациялық-индустриалдық өндіріс пен қоғамымыздағы түрлі нәтижелі өзгерістерге тез және еркін бейімделе алатын тұлғаны дамыту мәселесі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар білім беру үдерісіндегі маңызды инновациялық жүйелерді және содан туындайтын интеллектуалдық ой дамуын бойына сіңірген жаңашыл педагог тұлғасының қалыптасуымен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман мұғалімі даму үдерісіндегі тұлғалық-сапалық сипаты оның кәсіби-педагогикалық деңгейімен, ақыл-ой дербестігі мен гуманистік шеберлігімен және өзін-өзі басқару қабілетілігімен анықталады.

Кәсіби бағыттылықтың негізін құраушы келесі компонент болашақ мұғалімнің мазмұндық тұрғыдан дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен анықталады. Дайындықтың мазмұндық құраушысы болашақ мұғалімнің жүйеленген пәндік, әдістемелік және әдіснамалық білімдер деңгейімен беріледі. Оқытушының бойында дамыған өндірістің ғылыми негізі жөніндегі жүйеленген терең пәндік білім және сол сала бойынша практикалық, зертханалық іс-әрекет жұмыстарын жүргізе алатындай іскерлік пен дағдының қалыптастырылуымен сипатталады.

Кәсіби бағыттылықтың процессуалдық компоненті педагогикалық қызметтің конструктивтік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық бағыттарын қамтитын әдіс-тәсілдер мен дидактикалық жүйелілікке негізделген сипатпен анықталады. Осыған орай 5В012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының нормативтік құжаттарын талдау және осы саладағы атқарған біздің көп жылдық педагогикалық қызметіміздің нәтижесі кәсіптік оқыту мұғалімінің құзреттілігін арттыруды төмендегі қызмет бағыттары бойынша жүзеге асыру өзінің нәтижелі жемісін беретінін көрсетті [1].

Біздің ойымызша, «Кәсіптік оқыту» және «Технология» пәні мұғалімдерінің педагогикалық қызметі төмендегідей сегіз бағытты қамтуды қажет етеді. Олар: ақпараттық, жұмылдыру-бағдарлау, дамытушылық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструктивтік, техникалық, зерттеушілік қызметтері. Көрсетілген әрбір қызметтің мазмұндық сипаты мұғалімнің жалпы мәдени, кәсіби және пәндік бағыттағы құзыреттілігін көрсетеді.

**I. Ақпараттық қызмет.** Ақпаратты беретін (тарататын) негізгі құрал ретінде ауызша сөйлеу тәсілдерін меңгеру. Оқу материалдарын еркін меңгеру деңгейі пәнді оқыту теориясы мен практика іс-әрекеттердің, экономикалық, экологиялық, кәсіпке бағдарлау жөніндегі теориялық мағлұматтар. Құралдармен, жабдықтармен, аспаптармен, қондырғылармен т.б жұмыс істеу тәсілдерін көрсету әдістерін меңгеру. Аудиовизуалдық құралдарды пайдалану және іске асыруды меңгеру. Қажетті ақпарат көздері жөніндегі жүйелі білім және оларды пайдалана білу іскерлігі. Еңбек технологиясына оқыту үдерісінде кері байланысты жүзеге асыра алуды меңгеру, іскерлік, дағдыны бекіту.

**II. Жұмылдыру-бағдарлау қызметі.** Оқушылардың оқу-еңбек қызметіне қоғамдық мәнді мотивациясын қалыптастырып және оның әдіс-тәсілдерін меңгеру. Оқушылардың еңбек белсенділігі мен танымдық қабілетінің дамуына ықпал ететін білімдері мен жеке тәжірибелерін жүзеге асыруға жұмылдыру. Оқушыларды еңбек мәдениеті мен еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға үйрету. Оқушылардың еңбек тапсырмаларын орындау барысында жеке және ұжымдық жауапкершілікке, құрал-жабдықтар мен қондырғыларға, пайдаланылатын материалдарға жауапкершілікпен, ысырапсыз болуға, қоғамға пайдалы еңбекке ұқыпты қатынастарды тәрбиелеуге қабілеттілікті меңгеру.

**III. Дамытушылық қызмет.** Оқушылардың оқу еңбегіне, еңбек қызметіне деген қызығушылығын арттыру және ынталандыру. Оқушылардың танымдық-шығармашылық және еңбекке деген белсенділігін, техникалық және политехникалық ой-өрісін тереңдету және кеңейту. Еңбекке оқытудың теориясы мен практикасында пәнаралық байланыстарды пайдалану.

**IV. Коммуникативтік қызмет.** Оқу тобының ерекшелігі мен сабақ мақсатына сәйкес оқушыларды психологиялық дайындау (оқу материалының маңызы, проблемалық ситуациялар, міндет қоя білу т.б). Оқу материалының білімділік және тәрбиелік мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын жағдай жасау (түсіндіру, көрсету, пайдалану т.б). Сабақ барысында жағымды эмоционалдық атмосфераны қамтамасыз ету. Оқыту үдерісінде дифференциалдық және жеке дара қатынастарды

пайдалану. Білімгерлердің білімі мен іскерлігінің қалыптасуын оның тәрбиелік мәніне сәйкес бағалау. Сабақ барысында туындаған түрлі ситуацияларға тез және орынды бағдар жасай алу.

**V. Ұйымдастырушылық қызмет.** Оқушыларды ғылыми-техникалық шығармашылық пен ауылшаруашылық тәжірибе жұмыстары бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың бағыттарындағы оқу-еңбек қызметінің түрлеріне тарту, қатыстыру. Сабақтың әрбір бөліміне бөлінетін уақытына сәйкес оның құрылымын анықтау. Оқушылардың ағымдағы білімі мен іскерлігінің деңгейін қадағалап бақылауды жүзеге асыру. Оқушылардың ұжымдық топтық және жеке дара оқу-еңбекі қызметін ұйымдастыру. Сабақтың басталуында және оның барысында практикалық жұмыстарды орындауға нұсқаулар беру. Сабақтың қорытынды бөлімін ұйымдастыру және өткізу, оқушылар жұмысын саралау және бағалау, қорытындылау, келесі сабаққа міндеттер қою, жұмыс орнын және шеберхананы жинастыруды ұйымдастыру. Кәсіпке бағдарлау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу.

**VI. Конструктивтік қызмет.** Мектепте оқушыларды еңбекке дайындаудың жалпы педагогикалық мақсатына сәйкес әрбір өтілетін сабақтың мақсатын анықтау. Оқушылардың жүйелі техника-технологиялық білімдері мен еңбек іскерліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған оқу материалдарын іріктеу. Сабақтың мақсаты мен міндеттеріне, оның білім беру және практикалық бағыттылығына, қоғамға пайдалы мәнділігіне сәйкес еңбек объектілерін таңдау. Оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес пәнді оқытудың перспективтік тақырыптық жоспарларына түзетулер енгізу және шеберханаларды материалдық-техникалық жабдықтау. Оқытудың нәтижелі формалары мен әдістерін жүйелері мен қағидаларын жобалау, оқу-тәрбие үдерісінде мүмкін болатын қиыншылықтарды көре білу. Оқушылардың оқу-тәрбиесінің сапасын көтеру мақсатында мұғалімнің өз бетінше білімін жетілдіруді жоспарлау. Оқу-тәрбие жұмыстарының мақсатына сәйкес «Технология» пәні бойынша оқу-материалдық базаны дамытуды жоспарлау.

**VII. Зерттеушілік қызмет.** Оқушыларды еңбек технологиясына оқытудың және тәрбиелеудің мақсатын белгілейтін оқу-бағдарламалық құжаттарды талдау. Еңбек технологиясына оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік жүйесін, формалар мен құралдарын талдау, олардың нақты оқу-тәрбие үдерісінде қолданылу мүмкіндігін зерттеу. Ауылшаруашылық және өндіріс технологияларының дамуы жөнінде ақпараттарды зерттеу және жинақталған материалдарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану. Оқушыларды еңбек технологиясына оқыту мен тәрбиелеудің өсу динамикасының деңгейін анықтау. Мұғалімнің педагогикалық қызметін жетілдіруді бағалау, болжамдау және талдау. Алдыңғы қатарлы жетік педагогикалық және технологиялық тәжірибелерді талдау. Өз бетінше оқу арқылы жаңа арнайы білімдер мен іскерліктерді меңгеру.

**VIII. Техникалық қызмет.** Еңбек технологиясына оқытудың материалдық-техникалық базасын меңгеру құрал-саймандарды, жабдықтарды, технологиялық машиналарды (станоктар, тігін машиналары) пайдалану, жөндеу, реттеу т.б. Керекті кестелерді, эскиздерді, сызбаларды, есептерді жасау және пайдалану. Материалдарды қолмен және механикалық өңдеу, олардан бұйым құрастыру. Конструкциялау мен модельдеу. Оқушылардың еңбек қызметінің нәтижесін техникалық-экономикалық тұрғыдан бағалау. Ғылыми-техникалық басылымдарды жүйелі негізде жаңарту және толықтыру. Өзінің жалпы еңбектік дайындығын кеңейту және бекіту.

«Технология» білім беру саласы білімді де іскер адамды тәрбиелеуді талап етеді. Адамның қайсыбірі болмасын өзінің практикалық іс-әрекетінде әрдайым түрлі мәселелік тапсырмаларды шешеді. Қазіргі кезде оқушыларға меңгертілетін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін жүйеге келтіруде және оны оқытушылар тарапынан басқаруға байланысты бірқатар талпыныстар жасалуда. Бұл мектептің «Технология» пәні бағдарламалары бөлімдеріне қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер бағыттарын ендіруге байланысты туындап отыр [2].

Сонымен, жоғарыда сараланып көрсетілген «Технология» пәні мұғалімінің педагогикалық қызметінің құраушы компоненттері құзыреттілік негізін түзетін жүйе ретінде қарастырылады. Яғни мұғалім тұлғасы іскер, шығармашыл, мәдениетті, мейірімді, энтузиист, тағы сол сияқты ақыл мінездерді бойында жинап топтастырған кәсіби білікті маман ретінде танылуға тиісті.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 5В01200 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының ҚР МЖМББС. — Астана, 2010. — 36 б.
- 2 Мамандықтың типтік оқу бағдарламалары. — Шымкент, 2011. — 180 б.

Ю.Н.Камалов, М.Ю.Камалов

## Структурно-содержательные элементы педагогической деятельности учителей, направленные на изучение компетентности

В статье рассматриваются структурно-содержательные вопросы педагогической деятельности будущих учителей профессионального обучения. Выделены виды деятельности, являющиеся составной частью общей компетентности будущего учителя профессионального обучения. Авторами описаны основные направления педагогической деятельности учителя технологии, такие как информационная, мобилизационно-ориентационная, развивающая, коммуникативная, организаторская, конструктивная, исследовательская и техническая.

Yu.N.Kamalov, M.Yu.Kamalov

## Structurally-substantial elements of pedagogical activity of teachers directed on competence studying

In article structural and substantial questions of pedagogical activity of future teachers of vocational training are considered. Kinds of activity which are one of making elements of the general competence of future teacher of vocational training are allocated. In article the main directions of pedagogical activity of the teacher of technology, such as information, mobilization and orientation, developing, communicative, organizing constructive, research and technical are described.

### References

- 1 GOSO RK in 5B01200 – «Vocational training», Astana, 2010, 36 p.
- 2 Standard training programs of specialty, Shymkent, 2011, 180 p.

ӘОЖ 378:008

А.Кароғлы<sup>1</sup>, А.Г'ересчи<sup>1</sup>, С.Ш.Мағавин<sup>2</sup>, С.Ж.Бодиков<sup>2</sup><sup>1</sup>Гази университеті, Түркия;<sup>2</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: seyfolla\_aa@mail.ru)

## Түркітілдес халықтары мемлекеттерінің жоғары оқу орындары өнер мамандықтары өзара байланыстарының маңызы

Түркітілдес халықтарының мәдениеті және өнер тарихы дәстүрлері арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру маңызы қарастырылған. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруге қатысты өнердегі дәстүр сабақтастығы, қазіргі заманғы түбі бір, діні, ділі бір халықтардың көркемөнер мәдениеті ғылыми-өнертанымдық тұрғысынан қарастырылған. Студенттердің түркітөктес халықтар мәдениеті және өнері негізінде өнертанымдық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған байланыстардың маңыздылығы зерттелген. Бұл бағыттағы оқытушылар мен студенттердің өнерді оқыту саласындағы қазіргі мүмкіндіктерінің оқу үдерісінде толық ашылуы әдістемесі қарастырылған. Өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркітілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы жолдары ұсынылған.

*Кілт сөздер:* мәдениет, өнер тарихы, дәстүрлер, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері, жоғары білім беру жүйесі, болашақ өнер мамандары, дәстүр сабақтастығы, көркемөнер мәдениеті, өнертанымдық қабілеттері, оқыту әдістемесі.

Арғы тарихтың бедерінде күллі әлемге із қалдырған түркі дүниесінің бүгінгі күні де дүниежүзілік өркениетте ерекше орны бар екені белгілі. Жалауын жоғары ұстап, намысын ешкімге тапталпаған ежелгі түркі халықтарының қазіргі ұрпақтары бір-бірімен рухани туыстық қарым-